

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақмола облысы

№234

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 14.08.2017 ж. № 10 сенімхат, 01.08.2017 ж. № 67 ж/қ бұйрығының негізінде негізінде әрекет ететін директордың орынбасары Ларин Владимир Геннадьевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП ТЕМЕРБЕКОВА - Темербекова Елена Викторовна, Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі ИИН 800718450529 14.06.2011ж. негізінде әрекет ететін Басшысы Темербекова Елена Викторовна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2018-05-24» жыл № 2609327-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу » мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 024--141 ;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 120 618.00 (жүз жиырма мың алты жүз он сегіз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Шарт

024 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау бюджеттік бағдарламасы, 141 Азық-түлік өнімдерін сатып алу ерекшелігі бойынша - 120 618.00 (жүз жиырма мың алты жүз он сегіз тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2018 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару іс жүзінде арқылы жүргізеді



2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.



8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген



стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 (үш) күннің ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2 (екі) ;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе Тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.



5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетініне (МЕМСТ, СТ, ЖСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.);

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының



(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2018-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;



3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісінің анықтауы;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес сомаларды енгізбеу арқылы Шарт жасасудан жалтару.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар



12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Ақмола облысы білім басқармасының
"Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы,
№3 агротехникалық колледжі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Акмолинская область, Кокшетау Г.А.,
Красноярский с.о., с.Красный Яр, Достык,
68
БСН 000140001576
БСК ККМФКЗ2А
ЖСК KZ26070102KSN0301000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 87162403780
директордың орынбасары Ларин
Владимир Геннадьевич

Өнім беруші:

ИП ТЕМЕРБЕКОВА - Темербекова Елена
Викторовна
Акмолинская область, Кокшетау Г.А.,
г.Кокшетау, Островского, 111
БСН/ЖСН 800718450529
БСК КСJBKZKX
ЖСК KZ838560000004678264
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 420767
Басшысы Темербекова Елена Викторовна

Аббревиатураларды таратып жазу:



БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 2609327-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13



16699928-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сок	абрикосовый, концентрированный, с добавками сахара, СТ РК 1472-2005	Шырын жеміс өрік галогенделген. Құрам: қышқылдықтың өрік пюре, қант, глюкоза жеміс сиробы, реттегіші, лимон қышқылы, су. Жасалғаны шоғырландырылған пюре. 44%тен кем емес пюренің мазмұну. 100 грге тағамдық құндылық., 12,7гр, энергетикалық құндылық көмірсутек 50,8ккал., 45 - 120мг-ші калий. 1,93 л өнімі көлем зарасыздандырылған және іріңдетпейтін (т/п) куәлік берілген орамаға жинақтап түйген	Литр	20	235.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (20)	0	4 700.00
--------------	---	-----	--	---	------	----	--------	---------------	-----------------------------	---	---	-------------



16699977-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Молоко	сгущенное, с сахаром, объем 400 г	Қантпен қоюланған сүт. Май фазасында 50% майды сүт майын алмастырғыш, салмақтық үлеспен қоюландырылған қантпен молокосодержащий өнім. Құрам құрғақ сүт майы кетірілген құрғақ сүт тұтас (немесе) және құрғақ, мальтодегстрин, қант сүт майын көк сүт алмастырғыш, сүт сарысуы. Көмірсутек тағамдық құндылық кемінде 59г, кемінде 43,5г, майды сахароза соның ішінде кемінде 8,5г, кемінде 4,25 г, құндылық кемінде 2,7 Энергетикалық қаласының тиін сүт майында: емес 323 ккал. 380 гр таза салмақ.	Шартты қалбыр	20	216.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (20)	0	4 320.00
--------------	--	--------	-----------------------------------	--	---------------	----	--------	---------------	--------------------------	---	---	----------



16699978-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Крем молочный	сгущенный	Піскен қоюланған сүт. "Қанты бар" пісірілген сүт майын заменителеммен қоюландырылған қантымен молкосодержащій өнім, май фазасында май салмақтық үлес 50%. Құрам құрғақ сүт майы кетірілген құрғақ сүт тұтас (немесе) және құрғақ, мальтодегстрин, қант сүт майын көк сүт алмастырғыш, сүт сарысуы. Көмірсутек тағамдық құндылық кемінде 59г, кемінде 43,5г, майды сахароза соның ішінде менее8 емес, 5г, кемінде 4,25 г, құндылық кемінде 2,7. Энергетикалық қаласының тиін сүт майында: кем емес 323 ккал. 380 гр таза салмақ.	Шартты қалбыр	20	240.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (20)	0	4 800.00
16699984-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Повидло	из фруктового пюре, СТ РК 1401-2005	Повидло алма ж/б, салмағы 10,5 кг. Түсі, дәмі сәйкес келеді фруктам және бояды, массасы біркелкі без комочков, консистенциясы тығыз, қоспасыз загустителя.	Килограмм	10.5	516.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (10.5)	0	5 418.00



16699959-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Приправа	пищевая, для улучшения вкуса	100 гр, құрам тұздық: (ақжелкен, аскөк) қауыншек, ароматизатор тауық, көкөніс хош иіс глутамат, май (қауыншек ұнтақ) тауық етінің мадефицированный, еті, дәм, күшейткіші қоюландырғыш, крахмал көкөністері (сәбіз, ботташық) қауыншек құм азық-түлік асқа салатын, иодталған, қанты тұз бірдей табиғи, (тауық еті), өсімдік май, (ребуфлатин) бояғыш. Өнім тағамдық құндылық: 91,3 ккал 14,4г, энергетикалық құндылық 3,3г, көмірсутек 1г.	Бір буда	20	144.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (20)	0	2 880.00
16699990-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Напиток	газдалған	Тәтті алкагольсіз сусын. Орташа газдысы 1,5 литр. Натрию цикломат, ароматизатор 200 СВИТ көміртектің артезиан су, екі тотығы, қышқылдықтың реттегіші, лимон қышқылы, тәтті қосқыш құрам бірдей табиғи) "лимонад"	Шөлмек	30	140.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (30)	0	4 200.00



16699958-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Перец	красный, молотый, жгучий, ГОСТ 29053-91	50 гр қызыл өндеген (рірегдің тегі) бұрыш. Біркелкі сусымалы түйірсіздер, бөтен иісті қоюлық және тән осы өнімге тату түс.	Бір буда	20	80.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (20)	0	1 600.00
16699929-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сок	персиковый, концентрированный, с добавками сахара, СТ РК 1472-2005	Шырын жеміс шабдалы галогенделген. Құрам: қышқылдықтың шабдалы пюресі, қант, глюкоза жеміс сиробы, реттегіші, лимон қышқылы, су. Жасалғаны шоғырландырылған пюре. 44%тен кем емес пюренің мазмұну. 100 грге тағамдық құндылық, 12,7гр, энергетикалық құндылық көмірсутек 50,8ккал., 45 - 120мг-ші калий. 1,93 л өнімі көлем зарасыздандырылған және іріңдетпейтін (т/п) куәлік берілген орамаға жинақтап түйген	Литр	20	235.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (20)	0	4 700.00



16699991-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Напиток	газдалған	Тәтті алкагольсіз сусын. Орташа газдысы 1,5 литр. Натриу цикломат, ароматизатор 200 СВИТ көміртектің артезиан су, екі тотығы, қышқылдықтың реттегіші, лимон қышқылы, тәтті қосқыш құрам бірдей табиғи) "дюшес"	Шөлмек	30	140.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (30)	0	4 200.00
16699953-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Фрукты	нарезанные, высушенные	(алма, алмұрт) құрғақ жеміс ұрғақ. Компоттардың дайындауы үшін пайдаланады ; Сапалы, бұзусыз	Килограмм	50	277.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (50)	0	13 850.00
16699989-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Напиток	газдалған	Тәтті алкагольсіз сусын. Орташа газдысы 1,5 литр. Натриу цикломат, ароматизатор 200 СВИТ көміртектің артезиан су, екі тотығы, қышқылдықтың реттегіші, лимон қышқылы, тәтті қосқыш құрам бірдей табиғи) "апельсин"	Шөлмек	30	140.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (30)	0	4 200.00



16699927-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Масло	шоколадное, ГОСТ 6822-67	Шоколадты салмақ кемінде 60% майлылықтар май	Килограмм	50	687.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (50)	0	34 350.00
16699917-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Карп	свежий, ГОСТ 24896-81	(Тұқы) жаңа тоқазатылған балық. Өңдеу температура жуан - 6 бұршақ - 8град ; жаңадан мұздатылған тушка бөтен иіссіз ; зақымдануларсыз сыртқы, зақымдылық, балтыр серпімді ; түс: балықтың тиісті түріне.	Килограмм	50	498.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (50)	0	24 900.00
16699964-ОИЗ	Ақмола облысы білім басқармасының "Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, №3 агротехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Уксус	столовый	Сірке суы 200гр 70%. Синтездің микробиологическогосы жолды шикізаттың азық-түлік спиртқосылаөн шикізат бактериясы уксусқышқыл арқылы өнім	Литр	10	650.00	мамыр - шілде	2018 жылғы 12 шілде күні	Ақмола облысы, Көкшетау Қ.Ә., Красный Яр а.о., Красный Яр а. Достық көшесі, 68 (10)	0	6 500.00



Договор о государственных закупках товаров

Акмолинская область

№234

коммунальное государственное учреждение "Агротехнический колледж №3, село Красный Яр, город Кокшетау" управления образования Акмолинской области, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает зам. директора Ларин Владимир Геннадьевич, действующий на основании приказа № 67 л/с от 01.08.2017 г., доверенности № 10 от 14.08.2017 г., с одной стороны и ИП ТЕМЕРБЕКОВА - Темербекова Елена Викторовна, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Темербекова Елена Викторовна, действующий на основании Свидетельство о гос. регистрации ИИН 800718450529 от 14.06.2011г., с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2018-05-24 года № 2609327-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 024--141 ;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 120 618.00 (сто двадцать тысяч шестьсот восемнадцать тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Договор финансируется за счет средств, предусмотренных по бюджетной программе 024 Подготовка специалистов в организациях технического и профессионального образования, по специфике 141 Приобретение продуктов питания - на 2018 год 120 618.00 (сто двадцать тысяч шестьсот восемнадцать тенге ноль тиын) без учета НДС.

